

Мектептегі мерекелер

№6 (180)
2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ә. Боранқұлова. Еңбегің кетпес далаға	3
Ж. Балапанова, А. Копабаева. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеудегі отбасы, мектеп, педагогтың стратегиялық траекториясы...	5
М. Даулетказина. Өнегелі өмір иесі	11
А. Манкеева. Сұлтанмахмұт – ірі суреткер-реалист	14
Н. Әбілқайырова. Ақжайығын аңсаған азамат....	16
Г. Аринова. Теңге – тәуелсіздік символы	17
Ә. Боранқұлова. Балалар – шаттық ордасы	20
К. Қасымжанов. Көктемгі жаңару мерекесі	23
Ш. Дөненова. Кітап – ғасыр мұрасы	25
М. Омирбаева, С. Байжуманова. Оқушы – ұстаз – ата-ана үштік одақ ынтымақтастығы	28
Р. Жумагулова. Бақытты елдің балаларымыз!	32
А. Таған. «Оқитын өлке» жобасы	33
Б. Әліқұлов. Соңғы қоңырау	34
Б. Әліқұлов. Орны биік ұстаздың	34
Оқушылар шығармашылығы	35

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
27.06. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Еңбегің кетпес далаға

Жамбыл облысы, Меркі ауданы Ұлттық бірінғай тестілеу орталығының директоры Гүлнар Сақыпбектегі жайлы үзік сыр. Қиыны мен қызығы, ауыры мен жеңілі, қуанышы мол болған еңбек жолындағы кездескен сәттіліктер мен сәтсіздіктер Гүлекенді биік белестерге ұмтылдыра берді. Педагогикалық ұстанымы үнемі жаңалыққа ұмтылу және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жету болды.

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, - демекші,

Гүлнар Сақыпбектегі мен жолдасы Мұрапбайдың еңбегі далаға кеткен жоқ.

Меркіде еліне елеулі, халқына қалаулы, аяулы бір жан бар десек, ол ұстаз, іскер басшы, ақылшы әпке, сырлас жеңге, бір басына барлық жақсы қасиеттерді үйіп берген, асыл жан — Гүлнар Сақыпбектегі. Жамбыл педагогикалық Институтының математика факультетін бітірген ұстаз, бүгінде тәжірибелі, білікті маман. Бірнеше мектептерде, оқу ісінің орынбасары, аудандық білім бөлімінде әдіскер қызметтерін атқарды. Қазіргі кезде Ұлттық Бірінғай тестілеу Орталығы директоры, бірнеше жылдар бойы абырой биігінен көрініп, аудан мектептеріне қалтқысыз қызмет етіп келеді. Екі жыл бұрын мәңгі мекеніне қайтып кеткен, күйеуі Мұрапбай Айнақұловтың айнымас серігі, адал жары, отба-

сында жарасымды қосағы бола білді. Дастарханы мол, пейілі кең, қолы ашық, алтын жүрек иесі. Мұрапбай аға екеуі Қыз Жібек пен Төлегендей жарасымын тапқан жанұя болды. Бірге өткізген жылдары туралы кітап жазуға болады. Меркі — тарихы терең,



табиғаты таңғажайып өлке. Оңтүстікте асқақтап Алатау тұрса, одан бастау алатын мың-мың бұлақ тау етегін гүл — бәйшешекке толтырып, сылдырай төмен ағады. Мың тарамданған кішігірім өзендер Меркінің солтүстігінде жатқан құмға барып сіңеді. Меркі және Қорағаты өзендерінің ортасында жатқан бұл мекен ерте заманнан-ақ елдің құтты жеріне айналған.



Алатаудың көкмайсалы бауырында орын тепкен Меркі аты ғасырлардан-ғасырларға осы атаумен жеткен. Меркі аты тарихқа толы Таразбен бірге алынады. «Меркі түрік ғибадатханасы» деген атаумен ғылымға енген. Дүниеде адамдар бір-біріне ұқсамайды, мінездері де, бітім-болмысы да, ғұмыр жолы да алуан түрлі. Ол әркімнің шыққан тегіне, алған тәрбиесіне қарай бейімделеді. Мұрапбай аға да ешкімге ұқсамайтын өзіндік беті, ұстаған бағыт-бағдары өзгеше жан еді.

Жетіжылдық мектепті, Қарға Батыр ауылында бітірген соң, онжылдықты Калинин мектебінде аяқтайды. Мұрапбай аға шоферлық курсты бітірмек болып оқуға түседі. 18-ге толмаса бұл курсқа алмайтын болғандықтан, шоферлық курсты бітіреді. Жасын үлкейткен 15 жасар Мұрапбай Кеңес Ар-

миясы қатарына алынады. Әскери борышын жартылай өтеп, қайтып келіп, шоферлығын жалғастырады. Қызылшашы әйелдерді плантацияға, бортовый машинаны айдап, күнде жұмысқа ертелі кеш тасиды. Шофёр болып еңбек ете жүріп, көрші Құлан ауданындағы Луговой зоотехникалық-малдәрігерлік техникумына оқуға түседі. Техникумды аяқтаған соң, сол кездегі Жамбыл колхозының төрағасы Оспан Үмбетов Мұрапбайды колхозға қойма меңгерушісі етіп тағайындайды. 8 жыл қойма меңгерушісі бола жүріп, Алматы қаласында Халық Шаруашылығы Институтына сырттай оқуға түсіп, экономист мамандығын алып шығады. Осыдан кейін Мұрапбай Айнақұловтың еңбек жолындағы тасы өрге домалап, зор абырой құрметке бөленеді. Меркі ауданындағы ең үлкен, ең күрделі «Қазақстан» колхозына басқарма төрағасы қызметіне жіберіледі. Мұрапбай Айнақұлов төраға боп қызмет еткен жылдар «Қазақстан» колхозы үшін, бүкіл Қазақстан Республикасына атағы жер жара мақтан етілді. Сол жылдары қызылордалық Социалистік Еңбек Ері, атақты күрішші Ыбырай



Жақаев пен Мойынкүмдық Шопан ата Социалистік Еңбек Ері атағын 2 мәрте алған Жазылбек Қуанышбаевтың тәжірибелерін еңгізіп, кездесіп, пікір алмасты. Колхозда мал басын өсіру, қант қызылшасын баптап өсіру, мейлі қай сала болмасын, қамбаға астық құйып, шұрайлы жерлерден жем-шөп әзірлеу, еңбек адамдарын құрметтеуде Мұрапбай Айнақұлов зор мәртебеге ие болды.

Зейнетке шыққан соң, аудандық қаржы бөлімінде еңбек етті. Айнақұлов Мұрапбай аудан экономикасына елеулі үлес қосты.

Көршілес Қырғыз Республикасымен келісім-шарт жасап, мал жайылымдарын, темір жол, электр энергиясын арзан бағада пайдалану бойынша келісіп келді. Қаржы бөлімінде еңбек

етіп жүргенде, аудан мұғалімдері айлап айлық алмай қиналған дағдарыстан алып шығып, бюджет қаржысын халық игілігіне жұмсай білді. Айта берсе, Мұрапбай ағаның жақсы істері жеткілікті. Достары, жора-жолдасы, жекжат-жұраты өте көп. Отбасында бақытты әке, немерелеріне ата, бауырларына аға бола білді. Меркі жұртшылығына сыйлы, адамгершілігі жоғары, ерекше жан еді. Жары Гүлнар Сақыпбектегіне, қызы Құндызайға тек жақсы күндерде жолығуды нәсіп етсін.

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
журналист,
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.


Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеудегі отбасы, мектеп, педагогтың стратегиялық траекториясы

«Ә. Ермаков атындағы мектеп-лицейі» КММ-нің тәрбие жұмысын ұйымдастыру тоғыз айға бағытталған 9 құндылық шеңберінде жүзеге асырылуда және сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары төмендегі бағыттарды қамтиды:

Қыркүйек айы — «Жауапкершілік», қазан айы — «Құрмет», қараша айы — «Еңбекқорлық», желтоқсан айы — «Әділдік», қаңтар айы — «Денсаулық», ақпан айы — «Жомарттық», наурыз айы — «Ұлттық құндылық», сәуір айы —

«Ынтымақтастық», мамыр айы — «Патриотизм».

Мектебіміздегі 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты — жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен



адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Мектеп қабырғасында баланы жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы ұлттық тәрбие негіздерін айқындау.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау болып табылады.

Тәрбие бойынша ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып жүзеге асырылып жатқан жобалар жайлы ақпарат.



«Жылдың үздік оқушысы» — оқушы бойында рухани -адамгершілік тәрбиені және белсенді азаматтық позицияны, интеллектуалдық дамуын қалыптастыру, қызығушылық қабілеті мен дарындылығы жоғары балалардың әр түрлі іс-әрекеттерде дамыту, анықтауға жағдай жасау, дарынды оқушылармен әр түрлі іс-әрекеттерде қызығушылығын дамытуға жағдай жасау, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқушы мәртебесін көтеру мақсатында жыл бойы (білім, спорт, шығармашылық жағынан) үздік танылған оқушыны марапаттау;

«Ермеков спартакиадасы» — аталған іс-шара мектеп-лицейімізде алғашқы рет ұйымдастырылды, олимпиада мақсаты — оқушылардың жыл бойы спорттық іс-шараларда белсенділіктерін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және ең үздік танылған сыныпқа

«Әлімхан Ермеков» атындағы спорттық кубокты табыстау.

«Ermekovsl news» мектепішілік газеті — ақпараттық мәдениетті, оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру және дамыту, оқушылардың өзін-өзі көрсету және өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігін қанағаттандыру, оқушылардың мәдениетін қалыптастыруға арналған ақпараттық блоктарды әзірлеу, оқушылардың, мұғалімдер мен ата-аналардың «кері байланысын», шығармашылық диалогын қамтамасыз ету, білім беру кеңістігінде мектеп имиджін қалыптастыруға жәрдемдесу, мектептің мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ең үздік оқырман» рейтингісі, «Құлыпсыз кітапхана» жобасы — мектеп оқырмандарын кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, білімдерді сарқып білуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты пайдалануға баулу, үшінші қабатта ұйымдастырылған «Құлыпсыз кітапханада» бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

«Ұлағат» әкелер кеңесі, «Мейірім» аналар кеңесі — Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Баланың құқықтарын қорғау туралы» Заңына, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңына сәйкес және бала тәрбиесіндегі ата-аналар мен мектеп-лицей қауымдастығының ынтымақтас-тығын, әкелер мен аналар жауапкершілігін арттыру, аналар мен әкелерді

барлық мектептегі іс шараларға тарту, тығыз байланыс орнату.

«Ақиқат», «Pravda team» дебат клубтарының жұмысы — оқушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, академиялық білім деңгейін арттыру, оқушылардың шешендік шеберлігі мен сенім дағдыларын қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктіліктерін дамыту, білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау, өз ұстанымын білдіру дағдыларын, құрылымды диалог пен пікірталас жүргізудің парламенттік мәдениетін, дәлелдеу өнерін қалыптастыру.

«Өнегелі өмір» жобасы аясындағы тағылымды кездесулер жобасы — жастарға аға буынның тағылымды жолын үлгі ету, оқушылардың жанына жақын мамандығын, кәсібін табуына ықпал ету және табысқа жеткен тұлғалардың көмегімен бағыт-бағдар беру.

«Ата-ана тағылымды сағаты» жобасы — Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу, сынып пен мұғалім, мұғалім мен бала, педагог пен ата-ана арасындағы қарым — қатынасты нығайту, жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау, отбасы ерекшеліктерін ескере отырып қиындықтарды бірлесе шешу, отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында ата-аналар ашық тәрбие сағаттарын өткізуді ұйымдастыру.

«Өнер баршаға» жобасы — Туған жерін, елін сүйуге, халқына қызмет етуге тәрбиелеу, өлкетану, туған жер тарихын зерттеуге қызығушылықтарын ояту, туған жеріміздің тарихы туралы түсінік беру, өз Отанын сүйуге, халқымыздың

әдет-ғұрып, салт-дәстүрін сақтап, әрі қарай жалғастыруға тәрбиелеу, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Осы орайда бүгінгі таңда білім ордасы-мектептің, мұғалімнің, ата-ананың ең басты міндеті — ұлы абыз Абайдың «Толық адам» концепциясында айтылғандай «Дүниенің басты құндылығы — адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толымды адам, адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік, т.б. бойында жетілдіре білген, рухани бай, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеп шығару. Таудай талапсыз армандарға жету екіталай. Талап бар, енді мақсатқа жету үшін еңбек, жай еңбек емес, терең оймен ұштасқан еңбек керек. Осы үшеуі болған жерде нәтиже де болуы сөзсіз.

Осылайша Абай жас өркеннің бағдар түзер айқындамасы ретінде талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды атайды. Абай атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек — қайратты танытса, терең ойыңыз — ақыл, ал қанағат пен рахым — жүректен туатын қасиеттер. «Ыстық қайрат» — бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» — елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» — иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады, -деп атап көрсетті.

Тоғыз айға бағытталған 9 құндылықтың парағы қыркүйек айы — «Жауапкершілік» айына бағытталған ісшаралар қатарымен басталды. «Бақытты отбасы — бақытты бала» дүйсенбі күнгі ашық жиындары, тілдер апталығының ашылуы және А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған сынып сағаттары, «Әлімхан Ермеков есімін мақтан тұтамын!», заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтың туғанына 125 жыл толуына байланысты және «Қарты бар үйдің қазынасы бар» тақырыбындағы ашық жиындар, Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл мәнерлеп оқу сайысы, «Оқуға құштар — мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы отбасылық оқу, «Әкем, анам және мен» спорттық сайысы, жас өлкетанушылар (Қарағанды облысы, Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау мұражайына) саяхат, Ермеков спартакиадасының ашылуы, «Біз таланттарды іздейміз!» шығармашылық сайыстары, «Мектеп Парламентіне» үміткерлердің бағдарламасымен танысу (қорғау), Мектеп Президентін сайлау, Мектеп Парламентін (фракцияларын) тағайындау, «Қарттарым-асыл қазынам» қайырымдылық акциясы, «Қариялы ел-қазыналы ел» ақпараттық сағаты, «Құрметке ие болған ұлағатты ұстаз», ұстаздарды құттықтау, бейнероликтер дайындау, «Ұстаз болу жүректің батылдығы» челленджері жүйелі, мазмұнды түрде өткізілді.

Қазан «Құрмет» айына бағытталған ісшаралар да бекітілген жоспарға сәйкес мазмұнды, жүйелі өткізіліп, әлеуметтік желілерге салынды. «Қарты бар үйдің қазынасы бар», 25 қазан-Республика күні «Менің Отаным — Қазақстан», «Жақсы кітап жан азығы» ашық жиын-

дары, «Ұстаз — ұлы тұлға», «Қарттарым — асыл қазынам» тақырыбында қарттар үйіне бару, қарттарға көңілді күн сыйлау акциясы, 9 қайырымды іс айдары аясында мектеп жанында тұратын қарттарға қамқорлық жасау, «Ұл ұятымен, қыз қылығымен» дөңгелек үстелдер, «Кітаппен нұрлы жолымыз, оқуға құштар болыңыз» буккроссинг акциясы, «Өнегелі өмір» жоба аясында Сарсембаева Светлана Шайменовна, Муканова Гульсим Орынбаевна зейнеттегі ұстаздар (еңбек өтілдері 40 жыл), Интернетті басқару», «Сеть НИШ — лучшие школы по Казахстану» дебат ойындары ұйымдастырылып отырады.

Қараша «Еңбекқорлық» айына бағытталған іс-шаралар да бекітілген жоспарға сәйкес мазмұнды, жүйелі өткізіліп, әлеуметтік желілерге салынды. «Еңбек — ырыстың бұлағы», ашық жиындары, «Ермеков спартакиадасы» спорттық іс-шаралар, «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?» дөңгелек үстелі, «Денсаулық — сенің байлығың» акциясы, «Робототехника, оның кемшілігі бар ма?», «Мектепте ұялы телефонды пайдалану» дебат ойындары, «Өлең, мен сені аялап өтем....» Ф. Оңғарсыноваға арналған поэзиялық кеш, Мәдени-мұра бағдарламасы аясында «Туған жерге тағзым» жобасының негізінде, «Өнегелі өмір» жобасы аясында Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты және қалалық мәслихаттың хатшысы Кудайберген Бексултановпен және Әлімхан Ермеков немересі Олег Мағауияұлымен, өлкетанушы, Алаштанушы, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы Мұқан Тұңғышбайұлымен тағылымы мол кездесу ісшаралары ұйымдастырылды.

Желтоқсан «Әділдік» айына бағыт-

талған іс-шаралар да бекітілген жоспарға сәйкес мазмұнды, жүйелі өткізіліп, әлеуметтік желілерге салынды. «Әділдік — ізгіліктің ірге тасы» «Әділдік» құндылығы ашылуына арналған ашық жиын, «Тәуелсіздік — баға жетпес байлығым», Қазақстан Республикасының халық жазушысы Фариза Оңғарсынқызы — 80 жыл тақырыбында ашық жиындары, «Тәуелсіздік — Алаш ұрпағы» тақырыбында мерекелік тәрбие, танымдық сағаттары, «Ата-ана тағылымды сағаты» жобасы аясында өткізілетін тәрбие сағаттары, «Ұлы дала елі және Тәуелсіздік» Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиын, «Азаттық таңын аңсаған Алаш арыстары» эссе байқауы, Жас өлкетанушылар (Қарағанды облысы, Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау мұражайына) саяхат, «Мейірім толы жүрек» акциясы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ұлттық «Алтын жүрек» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі Алтынбеков Бекзат Қомарұлымен кездесулер, «Тегін оқу», «Дистанционное обучение более эффективно, чем традиционное» дебат ойындары ұйымдастырылып өткізілді.

Қаңтар «Денсаулық» айына бағытталған іс шаралар да бекітілген жоспарға сәйкес мазмұнды, жүйелі өткізіліп, әлеуметтік желілерге салынды. «Денсау ұрпақ — ұлт болашағы», «Мен және спорт», «Денсаулық» құндылығының ашылуына арналған ашық жиыны, «Оқуға құштар мектеп» жоба жоспарына сәйкес «Кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» тақырыбында ашық жиындар, «Ата-ана тағылымды сағаты», «Жомарт жүрек» акциясы, «Қайырымдылық — қайырлы іс» дөңгелек

үстел «Ағаның ініге қамқорлығы» видеоролик сайыстары, «Салауатты өмір-нұрлы болашақ» отбасылық сайыстар, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар (асық ойнау, арқан тартыс, т.б.) ұйымдастырылды.

Ақпан «Жомарттық» айына бағытталған іс шаралар да бекітілген жоспарға сәйкес мазмұнды, жүйелі өткізіліп, әлеуметтік желілерге салынды. «Қанатын жайған — Қарағанды» қала күніне арналған ашық жиыны, «Ауған соғысында от кешкендер» тақырыбында ашық жиын, «Кеңпейілділік, жомарттық дегенді қалай түсінесіңдер?» ашық жиыны, «Ата-ана тағылымды сағаты» жобасы аясында «Ауған соғысында от кешкендер», «Өнегелі өмір» жобасы аясында Тәжік-ауған шекарасының ардагері Шүкіржан Құлжанбековпен «Ерлік жолы» ауған соғысы ардагерлеріне тағзым патриоттық сағаттары, «Жомарттық ағаш» акциясы, 14 ақпан — Халықаралық кітап сыйлау күніне байланысты «Кітапты махаббатпен сыйлаңыз!» буккросингі, «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» кітап оқу марафоны, «Ағаның ініге қамқорлығы» видеороликтер байқауы, «Денсаулық — өмір негізі» дөңгелек үстелі, «Қара өлеңнің Құлагері...» М. Мақатаев оқулары, жол қозғалысы қатысушыларын жолдағы мұқияттылыққа шақыру бойынша флешмобтар сайысы, «Жас дебатшылар» ойыны, «Жомарттықтың құндылығы қандай?» Q-Talks іс-шаралары ұйымдастырылды.

Осы барлық жасалынып жатқан іс-шаралардың жүйесін негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеудегі отбасы, мектеп, педагогтың стратегиялық траекториясын жасадық.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту — өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат — ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші.

Әдебиеттер:

1. «QADAM» Бастауыш Білім Беру Деңгейі (1-4 Сыныптар), 2022;
2. «QADAM» Негізгі Орта Білім Беру Деңгейі (5-9 Сыныптар), 2022;
3. «QADAM» Жалпы Орта Білім Беру Деңгейі (10-11 Сыныптар), 2022;
4. Абайдың толық адам концепциясы, <https://bilimger.kz/86671/>

Ж.С. БАЛАПАНОВА,
Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
А.Б. КОПАБАЕВА,
Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі
директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.
Қарағанды қаласы.

Өнегелі өмір иесі



**Мадина
Алдабергеновна
ДАУЛЕТКАЗИНА,
Жайсан орта
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі
Жайсан ауылы,
Шу ауданы,
Жамбыл облысы**

Максаты: Оқушыларға Қазақстанның Мемлекеттік туының авторы Шәкен Ниязбеков жайлы мағлұматтар беру. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге тәрбиелеу.

Түрі: әдеби-сазды бағдарлама.

Көрнекілігі: Ш. Ниязбековтің портреті, рәміздер бүктемесі, суреттер және т.б.

Барысы:

1-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар! Мемлекеттік Тудың авторы, дара тұлға — Шәкен Ниязбековтың туғанына 85 жыл толуына орай өткізгелі отырған әдеби-сазды бағдарламаға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Армысыздар ардақты оқушылар! «Өнегелі өмір иесі» атты әдеби-сазды бағдарламаны бастаймыз.

1-жүргізуші:

Жер ғұмыр, жан азығым, әнұраным,
Мен сені естімесем сағынамын.
Алтынға айырбастамас ата-анамдай,
Туғалы сенсің менің танығаным.

2-жүргізуші:

Шексіз көк аспанды жамылады,
Уақыттың басылған жоқ дауылы әлі.

Бірігіп бір жүрекпен шырқайтұғын,
Әнұран — Мемлекеттің халық әні.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны шырқалсын.

1-жүргізуші:

Тәуелсізбін, егеменмін, азатпын,
Туды міне, ел аңсаған азат күн!
Елдің туын биік ұстар әрқашан,
Болашағы балдырғандар қазақтың!

2-жүргізуші: Рәміздерге сипаттама беру үшін ортаға 4-сынып оқушыларын шақырамыз.

1-оқушы:

Мемлекеттік елтаңбаның авторлары танымал суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Аман Уәлиханов. Қазақта «Шаңырағың биік, керегең кең, босаған берік болсын» деген тілек сөз бар. Елтаңба авторлары осы сөздерді басшылыққа алған. Қазақстан Республикасының Елтаңбасы көгілдір түстің үстіне салынған шаңырақ бейнесінен тұрады. Одан жан-жаққа күн сәулесі тәрізді уықтар тарайды. Шаңырақ пен уықтар біздің Отанымызда тыныштықта жарасымды өмір сүріп жатқан көптеген халықтардың бірлігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Елтаңбасының бір бөлігі ертедегі қанатты тұлпар. Елтаңбаның жоғарғы жағындағы бес бұрыш — бақытты өмірге жол сілтейтін жарық жұлдыздың белгісі. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масак Отанымыздың байлығы іспеттес.

2-оқушы:

Егер де Туға тұтас зер салсаң, ав-

тордың оны жасағанда үлкен мазмұнды ойластырғаны байқалады. Ол жер жүзінде әлемге нұрын шашқан Күн сәулесі астында қияға қанат қаққан қыран — тыныштық пен баянды өмірдің белгісі, ал ою-өрнек тудың қай елдікі екенін аңғартады. Тудың авторы — Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков белгілі монументші-суретші. Біздің туымыз — көгілдір түсті, тік төртбұрышты мата. Ол бірлік пен аман-есендікті көрсетеді. Оның қак ортасындағы сәулесін шашқан алтын Күн — тыныштық пен байлықтың белгісі. Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Туда қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын, қыран сияқты ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған. Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.

3-оқушы:

Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы — Гимн. Гимн мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түрегеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіңе деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған. 1986 жылы «Менің Қазақстаным» бостандық аңсаған қазақ жастарының бейресми әнұраны болған еді. 2006 жылғы 7 қаңтардағы Конституциялық заңға сәйкес ҚР-ның Мемлекеттік Әнұранының музыкалық

редакциясы мен мәтіні жаңа редакцияда жазылды. Мемлекеттік Әнұранның авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар Жұмекен Нәжмеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Алғашқы рет Қазақстан Республикасының Әнұраны ретінде «Менің Қазақстаным» әні 10 қаңтарда 2006 жылы, Елбасын ұлықтау рәсімінде орындалды.

1-жүргізуші: Кәусар, Егемен еліміздің ерекшелігі неде деп ойлайсың?

2-жүргізуші: Өзінің Шекарасы, Елбасы, ұлттық рәміздері, Ата заңы, өзіндік экономикасы, шаруашылығы, әлеуметтік жағдайы, салт-дәстүрі болуында деп ойлаймын. Ал Айша, Шәкен Ниязбеков кім, ол қалай тудың авторы болғанын білесің бе, сен?

1-жүргізуші: Иә, Кәусар, Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы еліміздің мемлекеттік рәміздерінің бірі туды анықтауға арналған байқау өтіп, оған Қазақстан, ТМД, Туркия, Германия, Монғолия елдерінен 1200-ге жуық суретші қатысады. Байқауда Шәкен Ниязбеков ұсынған нұсқа үздік деп танылады да осылай Тудың авторы болады.

2-жүргізуші: Тамаша! Айша, ендеше Шәкен Ниязбековтың өмірбаяны, өмір жолдары жайлы оқушылар не айтады екен тыңдайық!

4-оқушы: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы. Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі — Ниязбеков Шәкен Оңдасынұлы 1938 жылы 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келген. 10 жасында ата-анасынан айырылып, жетім қалған ол Тараздағы мектеп интернатта тәрбиеленген.

5-оқушы: Орта мектептен соң Ле-

нинградтағы көркем өнер училищесінде ағаш шебері мамандығына оқуға түседі. Суретшінің «Құрманғазы», «Көбік шашқан», «Абай», «Шоқан Уәлиханов», «Мұхтар Әуезов», «Сырым Датұлы», «Жамбыл», «Ана» атты шығармалары — бейнелеу өнерінің баға жетпес байлығы.

6-оқушы: Шәкен Ниязбеков өзінің ең басты ұстазы ретінде Әбілхан Қастеевті айтады.

Шәкен Оңласынұлы шығармашылық жолында көптеген байқаудан топ жарған тұлға. 1961 жылы Глобус теледидарының дизайны үшін Чехословакияда алтын төсбелгімен марапатталған. Волга автокөлігінің дизайнын жасаушылардың бірі де қазақ суретшісі Шәкен Ниязбеков.

7-оқушы: Қылқалам шебері 1964 жылы Ленинградта өткен «Бейбітшілікті қолдаймыз!» атты плакаттар байқауында және 1982 жылы республика алаңын көркем безендіруден өткен конкурста бірінші орынға ие болды.

8-оқушы: Қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлының зиратындағы ескерткіш пен Алматы қаласы елтаңбасының авторы да Шәкен Ниязбеков. Шәкен Оңласынұлы есімі республиканың мәдени өмірінде мәңгілік алтын әріптермен жазылған.

9-оқушы: Алматының «Құрметті азаматы», Тума талант иесі, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, қылқалам шебері, халық құрметіне бөленген қазақтың әйгілі суретшісі Шәкен Оңласынұлы 2014 жылы 76 жасқа караған шағында дүниеден өтті.

2-жүргізуші:

Мың бұралған бишілер билеп басып,
Келді міне, ортаға жалау алып,

Аруларын сыйлаған халқым менің,
Қыздарды қошеметпен қарсы алайық!

3 «А» сынып қыздарының орындауындағы «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты биді қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші: Мемлекеттік рәміздерсіз тәуелсіз ел болмайды. Мемлекеттік рәміздер — ел дамуының ажырамас бөлігі. Сондықтан Мемлекеттік рәміздердің авторларын оқушылар қаншалықты білетінін байқап көрелік. Ойын «Кім байқампаз?»

2-жүргізуші: «Кім байқампаз?» деген ойын ойнайық. Мына тақтада рәміздер ілініп тұр, ал мына жерде ұлы тұлғалардың аты-жөні жазылған паракшалар бар, солардың ішінен рәміздердің авторларын тауып алып рәміздердің астына апарып тездетіп жабыстыру керек.

1-жүргізуші: Жарайсындар, достар!

Күн көзінде желбіреді көк туым,
Алыстарға, ғарыштарға жетті үнім.
Уақыт бізге қиятындай қимасын,
Уақыт бізге құятындай тек нұрын.

2-жүргізуші:

Жапырақ жайып тұратұғын бар бағы
Қазақстан — ұлы Абайдың арманы.
Қазақстан — Жамбыл ақын Отаны,
Сәбилердің бақыт даусы таңдағы!

«Көк тудың желбірегені» әні хормен орындалады.

1-жүргізуші: Шәкен Оңласынұлының есімі мәңгі халық жадында сақталады.

2-жүргізуші: Осымен бүгінгі әдеби-сазды бағдарламамыз соңына жетті. Қорытынды сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Умбетова Сауле Сүйебайқызына береміз.

1-жүргізуші: Қош сау, болыңыздар!

Сұлтанмахмұт – ірі суреткер-реалист

Мақсаты:

1. Оқушыларды Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай оның өмір жолы мен шығармашылығымен таныстыру;

2. Сұлтанмахмұт шығармаларын оқыта отырып, сөз мағынасын түсіне білу, оқу, айту арқылы оқушының сын тұрғысынан ойлап, ой қорыта және қорғай білуіне қол жеткізу. Өзіне-өзі баға беріп, өзіне сын тұрғысынан қарай білу машығын дамыту;

3. Оқушыларды халқын сүйуге, оның алдындағы борышы мен міндетін айқын сезінуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі:

1. С. Торайғыровтың портреті;
2. «Ірі суреткер-реалист» хронологиялық сызба;
3. Үнтаспа.

Оқушыларды топқа бөлу.

Барысы:

1-жүргізуші: Абай негізін салған реалистік әдебиет дәстүрі өкілдері кімдер? Ыбырай, Шоқан, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім. Реалистік әдебиеттің тағы бір өкілі – Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтерді. Сұлтанмахмұт 1893 жылы 28 қазан күні Көкшетау облысының Қызылту ауданында дүниеге келеді. Балалық, жастық шағы Баянауылда өтеді. Арғы атасы Торайғыр би болған, шешендігімен, әділдігімен ел арасында аты аңызға айналған.

2-жүргізуші: Иә, ақынжанды, ел-



жанды қазақ қашан болмасын өз ұлтының қамын жер.

Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы оқушыларымыздың дайындап келген Хронологиялық сызба-кестесіне шолу жасайық:

1. Сұлтанмахмұттың балалық шағы (1893-1908 жж.);

2. Әбдірахман молданың медресесінде оқуы;

3. Нұрғали мұғалімнен оқуы;

4. Троицкіде, Баянауылда, Алтайда, Томскіде, Семейде;

5. Шығармалары.

1-жүргізуші: «Орнымыз – медресе оқып жатқан», «Дін», «Оқып жүрген жастарға», «Оқуда мақсат не?», «Ендігі беталыс», т.б. өлеңдері. «Оқуда мақсат не» өлеңінде тереңдетіп оқудың мақсаты – молда болып, ескілікті бағу емес, әкім болып шен тағу да емес, өнер табу, халыққа пайдалы іс істеу деп түсіндіреді. Өлеңде ескілік жолды қуушыларды кекете сынау сарыны бар. «жемтік көрсе тістей қататын» молданың арам мінезі мен «тілмаш» боп, жем табушыларды ол жек көреді.

Үнтаспадан:

Алға қарай баруға,
Миллат көзін ашуға,
Терістіктен қашуға,
Заманға көз салып,
Аяқты жөндеп басуға...

2-жүргізуші: Ендігі кезекті топтарға сұрақ қоямыз.

«Қыран» тобына: қазақ ауылындағы таптық жік пен қайшылықтың Сұлтанмахмұт өлеңдеріндегі көріністері қан-

дай? Ақын оларды қалай түсінеді және қалай бағалайды?

«Сұңқар» тобына: Қазақ қоғамының даму бағытына ақын қалай қарады? Одан не күтті? Басқа елдерден не үйренуге шақырды?

Осы сұрақтар төңірегінде әр топ өз ойын қорғай отырып, «Дөңгелек стол» стратегиясы арқылы өзара білімдерін бағалайды.


Әдебиет теориясы: «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңіндегі көркемдегіш сөздерді табу.

Топтастыру стратегиясы: (салыстыру әдісі)

1-оқушы: «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңі.

Шығамын тірі болсам адам болып,

Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.



Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,

Жүргенше өмір сүріп, надан болып.

Мен балаң жарық күнде сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.

Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,

Болмасам толғанайдай балкып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.

Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.

2-оқушы: С. Торайғыров — өзінің көңіл-күйін, қуанышы мен қайғысын,-

мұң мен назын, сүйінуі мен күйінуін өте шебер суреттейді. Соған байланысты жазған өлеңдері: «Алтын аяқ», «Дүниедегі қызықтың», «Күңгірт түспен ойға батып», «Әй, махаббат», «Әй, достық», т.б. сонымен қатар, ақынның айрықша назар аударатын тақырыбы: оқу, білім алу мәселесі. Оған жататын бірқатар өлеңдері: «Бір баланың тілек батасы», «Оқуда мақсат не?», «Оқып жүрген жастарға», «Талапкерлерге», «Шәкірт ойы», т.б.

3-оқушы: Ақын шығармашылығының тағы бір үлкен саласы — «Адасқан өмір», «Кім жазықты?», «Кедей» поэмалары, «Қамар сұлу» романы. Бұл романда сол кездегі қазақ арасындағы етек алған ескі әдет-ғұрыптарды қатал сынай отыра, ендігі жастардың келешегі оқуда екенін меңзейді.

4-оқушы: Ақын 1914 жылы ел аралап жүріп, Павлодар маңының атақты шонжары Шорман ауылына түседі. Байлығына мастанған Шорман ұрпақтары ата-тегінің патша өкіметінен алынған шен-шекпендерін, халықтың көз жасымен жиналған қазына-мүлкін көрсетіп, мақтаныш білдіреді. Мұны жақтырмаған ақын осыған байланысты «Бір адамға» атты өлеңін шығарады.

1-жүргізуші: Ақын жас та болса, аңғарымпаз, зиялы жан еді. «Шіркін, қазағымның бақытты болғанын көрсем ғой, білім-ғылым жолында үлкен табыстарға жеткенін білсем ғой» деп армандап кеткен жас жалын жүрегі соңғы демі қалғанша қазағым, елім деп соқты.

Ардақ Белекқызы МАНКЕЕВА,
Талды орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Кеген ауданы,
Алматы облысы.

Ақжайығын аңсаған азамат

Әдебиетіміздің тарихында өзіндік орны бар белгілі қаламгер Хамза Ықсанұлы Есенжанов. Хан ордасы модельді балалар кітапханасында жазушы Хамза Есенжановтың туғанына 115 жыл толуына орай «Ақжайығын аңсаған азамат» атты тақырыптық сағат өтті.

Мақсаты: Х. Есенжановты таныту, шығармаларының тақырыбы мен жазушының идеялық мұратын мәтінге сүйене отырып жан-жақты ашу. Жазушы шығармасын талдай отырып, жазушы тілінің өткірлігін, айқындылығын,

Ықсанұлы Есенжанов – артына өлмейтұғын сөз қалдырған саңлақ суреткер деп жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы айтып, оқырмандарға сұрақтар қойып, жауап алды.

Кітапхана оқырмандары Мәриям Хакімжанованың «Біздің Хамза», Сағат Абдуғалиевтің «Хамза Есенжанов», Ақұштап Бақтыгерееваның «Хамза Есенжановқа», Ғайсағали Сейтақтың «Қайсар талант алдында» арнауларын оқып, Т. Айбергеновтің сөзіне жазылған Ш. Қалдаяқовтың «Ақ ерке – Ақ жайық» әнін орындады.

Кеш соңында жазушының фотосуреттері мен кітаптарынан жасақталған «Қайсар қаламгер» атты кітап көрмесіне кітапханашы Лаура Құрманғалиева шолу жасады.



даналық ойға құрылғандығын нақты мысалдармен дәлелдеу. Шығарманың эстетикалық, идеялық мәнін түсіне білуге, өзіндік талдау, жинақтау жасап, ойлай білуге дағдыландыру, жеке, топтық жұмыста шапшаңдық, тапқырлық танытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге төселдіру.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыяма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?
— деп Абай атамыз айтқандай, Хамза

Хамза Есенжанов шығармалары — туған әдебиетіміздің қорын байытқан, халқымыздың төңкеріске келу жолы, азамат соғысы, сұрапыл жылдар тартысы қаз-қалпында бейнеленген тарихи таным шежіресі. Ұрпақтар есінде мәңгі сақталып, рухани мұра болып қала береді.

**Нұрлы Нұрболатқызы
ӘБІЛҚАЙЫРОВА,**

**Хан ордасы модельді балалар
кітапханасының меңгерушісі.
Батыс Қазақстан облысы.**

Теңге - тәуелсіздік символы

Мақсаты: Қазақстанның ұлттық валютасы — теңгенің айналымға енгеніне 30 жыл толуына орай оқушыларға қазақтың төл ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру. Басқа ел валюталарымен таныстыру. Жаңадан айналымға енген ұлттық валюта, оны енгізудің қажеттілігі, безендірілуі туралы кеңірек таныстыру. Оқушылардың ақша туралы түсініктерін кеңейту, белсенділіктерін дамыту. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту.

Көрнекілігі: теңгелер бейнеленген және мақал-мәтел жазылған плакаттар, слайд шоу.

Түрі: ауызша журнал.

Барысы:

1. Ұйымдастыру;
2. Кіріспе сөз;
3. Слайд шоу;
4. «Жұмбақ — ойдың қазығы»;
5. «Ақша — уақыт тынысы» (өлеңдер оқиды);
6. «Мақал — сөздің азығы» (жалғасын тап ойыны);
7. «Тапқырлар мен зейінділер».

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Теңге — тәуелсіздік символы» атты танымдық сабағымызды ашық деп жариялаймын. Әр

мемлекеттің өзіне тән белгілері болады. Бүгінгі сабағымызда басты белгілердің бірі Қазақстанның ұлттық валютасы теңге туралы әңгімелейміз.

Қазақстан Республикасының Гимні орындалады.

Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі — ұлттық валюта. Ол — Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша — асыл қазына, халық байлығы.

Теңге өмірге оңайлықпен келген жоқ. Елбасымыз өз теңгемізді шығаруға қаржыгерлерге арнайы тапсырма берді. Ұлттық валютамыздың өз дизайні, өз идеясы болуы керектігі қатаң тапсырылды. Қазақстан аймағында ерте кезеңде қандай ақша болғанын, тарихта бұл жөнінде қандай деректер бары іздестірілді. 1992 жылы тамыздың 27-сі күні Ұлттық банк басқармасы теңге купюрасының үлгілерін бекітті. Бірінші бетінде қазақ халқының әйгілі ұлы тұлғаларының әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шоқан, Абайдың бейнелері басылды. Екінші бетінде ою-өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп, елтаңбамыз салынған. Ертесіне қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Мендібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Ғабжәлеловтер Англияға аттанды. 1993 жылдың күзінде Қазақстан ТМД елдерінің ең соңында рубль аймағынан шықты. 1993 жылы қарашаның 12-сі күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республи-

касында ұлттық валюта енгізу туралы» жарлыққа қол қойды. Арада үш күн өткен соң, 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8-ден басталып, 20 қарашада сағат 20-да аяқталып, тәуелсіз Қазақстан Республикасының өз валютасы қаржы нарығында айналымға енгізіп, елдің қолына тиіп, ел мәре-сәре болысты. Өйткені төл теңгеміз тәуелсіздігіміздің басты белгісі еді. Ұлттық валюта банкнот және монета түрінде айналысқа енгізілді. Банкнот — Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монета — облысымыздың орталығы Өскемендегі Монета сарайында шығарылады.

Теңгедегі бейнелер жайлы оқушылардың таныстырылымы слайд түрінде көрсетіледі.

1-оқушы: 200 теңге.

Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің үйі және Астанада Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың біреуі, артқы жағында ҚР Қорғаныс министрлігі және жайлау. Сол жақ төменде оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде — орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескеретін «Подделка банкнот преследуются по закону» деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

2-оқушы: 500 теңге.

Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Қаржы министрлі-

гінің үйі, Астана қаласы әкімшілігінің үйі, артқы жағында теңіз үстіндегі шағала. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде — орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

3-оқушы: 1000 теңге.

Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Президент мәдени орталығының үйі, артқы жағында таулар. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде — орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан.

4-оқушы: 2000 теңге.

Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Алматы қаласындағы Абай атындағы опера театры, артқы жағында тау өзені. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан.

5-оқушы: 5000 теңге

Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Қазақстан Республикасының Президентінің Ақорда резиденциясы, артқы жағында каньондар. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан.

6-оқушы: 10 000 теңге

Банкнотаның оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі бөлі-

гінде ортада ұшып жүрген кептердің бейнесі. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту. Сол жақта төменде және жоғары жақта номиналдың цифрлық белгіленуі басылған, сол жақта ортада — номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгіленуі жазылған.

Жұмбақ-ойдың қазығы. («Кім тапқыр?» ойыны)

Дүние аты мәшһүр болған қымбат,
Ықшамды әдемілік, сонда сымбат.
Мақсатың көңіліндегі табылады,
Адамға ықыласпен қызмет қылмақ.
(Ақша)

Бір нәрсе сондай епті жер баспайды,
Аптығып ақылынан бір саспайды.
Данышпан ақылы көп сондай зерек,
Жаңылып басқа жөнге бір баспайды.
(Есепшот)

Жер дүниені кезер,
Кішкентай ғана безер. (Күміс ақша)
Ол не дүр бір нәрсе бар ойға зерек,
Жүгірер әрлі-берлі дөп-дөңгелек.
Жай нәрсе өз бетімен түк білмейді,
Қосымша адамзаттың зейіні керек.
(Есепшот)

«Ақша — уақыт тынысы» (өлеңдер оқылады)

1-оқушы:

Түні нұрлы, ақ таңы,
Жері гүлдей бақтағы.
Ел ырысы — тайқазан,
Төл теңгеміз қақпағы.

2-оқушы:

Ел ырысы — тайқазан,
Төл теңгеміз қақпағы.
Қазынамыз толығып,
Болсын дәйім жолы құт!

3-оқушы:

Теңге теңге, теңгелер,
Теңге адамға дем берер.
Тіршіліктің арбасы,
Теңгеменен дөңгелер.

Мақал — сөздің мәйегі. («Жалғасын тап» ойыны)

1. Теңге тиыннан өсер, ... (жылқы құлыннан өсер)
2. Есепсіз — ... (дүние жоқ)
3. Алтын тапсаң, ... (санап ал)
4. Ақша кетуге тырысады, ... (есеп ұстауға тырысады)
5. Шашу оңай, ... (жинау қиын)
6. Ақша ашпайтын ... (құлып жоқ)
7. Ақшада ... (көз жоқ)
8. Ар-намысы таза адамның ... (ақшасы аз болады)
9. ... тиыннан құралады (теңге)
10. Базарда бәрі бар, ... ешкім бермейді (ақшасыз)

«Тапқырлар мен зейінділер»

- Ұлттық валюта қай жылы айналымға енді? (1993 жылы 15 қарашада)
- Қазіргі теңгеде қандай суреттер салынған?
- Қандай мерекелік теңгелерді білесіңдер? (ОБСЕ, АЗИА-ДА, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы)
- Ұлттық валютамызға биыл неше жыл? (30 жыл)
- Міне, балалар, бүгінгі «Теңге — тәуелсіздік символы» атты тәрбие сағатымызды жабық деп жариялаймын. Назарларыңызға рахмет!

Гүлдана Келсінбекқызы АРИНОВА,
Амангелді атындағы негізгі мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
Ұлан ауданы,
Абай облысы.

Балалар – шаттық ордасы

Жамбыл облысы Меркі аудандық білім бөлімінің қосымша білім беру мекемесі Оқушылар «Үміт» сарайының директоры Бейсенбаева Зәуре Төребекқызы басқарған ұжым жыл сайынғы дәстүр бойынша, 2022-2023 оқу жылының «Балалар – шаттық ордасы» атты Есептік концертін аудандық Мәдениет үйінде өткізді.

Концертке аудан тұрғындары, ата-аналар, білім алушылар, шақырылған құрметті қонақтар, өнерсүйер қауым түгел жиналды. Аудандық мәдениет үйінің фойесінде қолөнер, сурет және робототехника көрмелері қойылды, келушілер осы көрмені тамашалады.

Есептік концерт поэзиялық мәнерлеп оқудан басталды.

Жүргізуші жас өрендер Бактиярұлы Бекболат, Меркібек Мейірім, Қайрат Бексейіт концертті өте тамаша жүргізе білді. Концертте Халықаралық «Азия жұлдыздары», «Шашу», Республика-

лық «Дала сазы» өнер байқауларында Бас Жұлде иеленген «Жібек Жолы» бишілері жаңа тігілген керемет киімдермен бірнеше би биледі.

Халықаралық байқаулардың лауреаттары Әкімқұл Нұрасыл мен Төстік Таннұр әсем әндерін тарту етті. Жас әншілердің орындауында «Самға» әні шырқалды.

LED экраннан суретшілер мен қолөнершілердің Париж қаласында өткен Халықаралық шығармашылық байқауында, Лувр көрмесінде Бүкіләлемдік және барлық «Алтын қазына» байқауларында Бас Жұлде иеленгендері көрсетіліп тұрды. «Ойшыл» шахмат, «Қызықты математика», «Зерек» қазақ тілі, «Достық» ағылшын тілі, «Тілашар» орыс тілі, «Шежіре» тарих, IT сыныбы және робототехника үйірмелеріндегі білім алушылар пәндік олимпиадалар мен Республикалық, облыстық білім байқауларында үздік көрінді.

Сондай-ақ, концертте көңілді тапқырлар үйірмесінің Жайдарманшылары мен «Аяла» театр үйірмесі қойылымнан үзінді қойды. Залдағы көрермендермен ойын ойналды.



Бала бойындағы өнерді шындаған ата-аналар мен ұстаздар бірге ән айтты.

Қазақстанның жарқын болашағы — ел тағдырына бей-жай қарамайтын, нағыз отаншыл, ниеттес, мүдделес азаматтардың қолында екені анық. Бүгінгі балдырған бүлдіршіндерге, ата-аналарға, Оқушылар «Үміт» сарайының ұжымына, директоры Зәуре Төребекқызы Бейсенбаеваға, Меркі аудандық білім бөлімінің басшысы Алтынбаева Әйгерім Аханқызы жүрекжарды тілектерін, жақсы лебізін білдірді. Концерт жұртшылық көңілінен шығып, өте жоғарғы деңгейде өтті.

Меркі аудандық білім бөлімінің қосымша білім беру мекемесі Оқушылар «Үміт» сарайының «Аяла» театрының қосымша білім беру педагогы Әлімқұлова Әлия өзінің талантты білім алушы, жас әртістері мен Астана қаласында өткен «азия жұлдыздары — 2023» атты Халықаралық шығармашылық байқауға қатысып келді.

«Аяла» театрының жас өнерпаздары бұл байқауға балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым — Қожа» шығармасын сахналап, дайындап барды.

Қожа рөлінде Рамазан Еранияз, анасының рөлін Фермебай Айғаным, әжесін Срайл Аида сомдады.

Әлімқұлова Әлия жетекшілік ететін вокал

үйірмесінің әншілері Әкімқұл Нұрасыл «Қазағым-ай», Серікқали Айым «Тәуелсіздік», Төстік Таңнұр Абайдың «Сегіз аяқ» әндерін әсерлі орындап шығып, барған балалардың бәрі Бас жүлдені жеңіп алды.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданы білім бөлімі және Меркі ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен 2023 жылдың 21 сәуір күні Оқушылар «Үміт» сарайында Жауғаш Қырбасұлының 290 жылдығына орай оқушылар арасында аудандық пікірсайыс турнирі өтті.

Аудан мектептерінің арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту, көркем сөйлеуі мен тіл тазалығын шыңдау мақсатында өткізілген аудандық пікірсайыс турниріне №5 Ақарал ЖОББМГ, М. Жылысбаев атындағы №14 ЖОББМ, №21 ЖОББМ, Мұхтар Әуезов атындағы ЖОББМЛ, Ә. Хасенов атындағы №11 жалпы орта білім беретін мектептер қатысты.



I орын — М. Жылысбаев атындағы №14 ЖОББМ-нің «Эверест» фракциясы;

II орын — №21 ЖОББМ-нің «Паритет» фракциясы;

III орын — Ә.Хасенов атындағы №11 ЖОББМ-нің «Алаш» фракциясы иеленді.

«Үздік оратор» номинациясын М. Жылысбаев атындағы №14 ЖОББМ-нің білім алушысы Төлеу Ералы иеленсе, «Үздік спикер» номинациясы бойынша Мұхтар Әуезов атындағы ЖОББМЛ-нің білім алушысы Жақсылық Қарақат иеленсе «Үздік аналитик» номинациясына №5 Ақарал ЖОББМГ-ның «Ұлы жорық» фрак-

целленджге қатысты. Ойын Астана уақыты бойынша сағат 12:00-де басталды.

Челленджді бастап берген Оқу-ағарту министрі зияткерлік спорт түрінің маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысының қолдауымен білім беру ұйымдарында «Мектептегі шахмат» жобасы жүзеге асырылуда. Біздің өскелең ұрпақтың осы спорт түрін үйренуге қызығушылығы артып келе жатқаны қуантады. Шахмат ойнай отырып, ақыл-ойларыңыз дамып қана қоймай, білім алушылар еңбекқорлық, табандылық пен қайсарлық қасиеттерге тәрбиеленді.

Айта кетейік, мұндай ауқымды іс-



шара алғаш рет өткізіліп отыр. Челлендж балаларға, жас өспірімдерге және педагогтарға осы спорт түрінің жаппай дамуын және өздерінің жарқын жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Шахмат-

циясы марапатталып, байқау соңында Жеңімпаз командаларға сыйлықтар таратылды.

Меркі аудандық білім бөлімінің қосымша білім беру мекемесі Оқушылар «Үміт» сарайының жас шахматшылар үйірмесінің білім алушылары еліміздің жеті мыңнан астам білім беру ұйымдарының оқушылары сияқты шахматтан

тан республикалық челленджге барлығы миллионға жуық оқушы қатысты.

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
журналист,
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Көктемгі жаңару мерекесі

Максаты: оқушылардың ұлттық-патриоттық сезімін қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді саналарына сіңіру, сахна мәдениетін меңгеруге, мәнерлеп сөйлеуге дағдыландыру, өнершіл болуға ұмтылдыру.

Өтілу барысы:

1. Әдеби монтаж;

2. Көктем туралы өлеңдер оқу (6-сынып ұлдары);

3. Әндер орындау (9-сынып ұлдары);

4. Көрініс. «Ормандағы оқиқа»;

5. Би орындалады.

(Сахнаға қыз бала қазақ биін билеп екі жүргізуші шығады)

1-жүргізуші:

Көктем келіп жер-ана ақ көрпесін ысырды,

Наурыз айы күн мен түнді теңестірді.

Ызғар кетіп, жадырап күн сәулесін түсірді,

Ақсақалдар күншуақтап кеңес құрды.

2-жүргізуші:

Жан-жануар, тіршіліктің жаны кіріп,

Қаһарлы қыс батырдың есі шықты.

Жыртық-жыртық ақ шапанның әр жерінен,

Қылтиып жауқазындар өсіп шықты.

1-жүргізуші:

Хош келдің наурыз күні елімізге,

Береке-құт әкелші жерімізге.

Ақ тілек, ақ ниетпен, үмітпенен

Құрметпен қарсы алады сені бізде.

2-жүргізуші:

Мейманшыл да, сауықшыл қазақ халқы,

Наурыз күні бір-бірін аралайды.

Мереке бәріне ортақ, жұртқа жалпы,

Еркек-әйел, кәрі-жасқа қарамайды.

1-жүргізуші:

Наурыз көже, бауырсақ, құрт пенен май

Дастарханқа қойылған сақадай-сай.

Ойын-сауық көруге жиналыпты

Ендеше, бұл не тұрыс той бастамай?

5-сынып оқушыларының орындауында «Түркістан» әні.

2-жүргізуші: Меруерт, сен білесің бе, наурыз күні ауыл-үйді Қыдыр ата аралайды дейді, Қыдыр ата біздің мектепке де келер ме екен?

1-жүргізуші: Ол не дегенің Мөлдір, Қыдыр ата бір үй қалдырмай аралайды, бізге де міндетті түрде келетін болар, өйтпесе Қыдыр ата бола ма?

2-жүргізуші: Сонда Қыдыр ата келсе біз оны қалай білеміз? Біз оны танымаймыз ғой?

1-жүргізуші: Апам айтып отырады, қырықтың бірі — Қыдыр болады, - деп, тегінде Қыдыр ата әр түрлі қонақ кейпінде келетін көрінеді.

2-жүргізуші: Біздің қазақ халқы қонақты сыйлап күтетіні содан болар-ау шамасы.

(Сахнаға арып-ашып, шаршап бір қария келеді. Балалар қарияға сәлем беріп қарсы алады, орындық ұсынып, отырғызады)

Қария: (бұдан әрі — Қыдыр ата)

Өркендерің өссін шырақтарым, мейірлерің өссін!

2-жүргізуші: Ата, әбден шаршап келген құдайы қонақ екенсіз, отырып дем алыңыз, бізбен бірге наурызды қарсы алып, тамашалаңыз.

Қыдыр ата: Бәрекелді, өрендерім! Өнегелі елдің өсер өркендері екенсің-

дер. Мен өзім де осы наурыздарыңа тілек айтайын деп келген Қыдыр аталарың боламын.

1-жүргізуші: Жақсы сөз — жарым ырыс деген рас-ау! Біз аузымызды жапқанша болған жоқ, Қыдыр ата жетіп келді. Міне, керемет!

Қыдыр ата: Дұрыс айтасың, балам! Жақсы сөз — жарым ырыс. Ал, жақсы адамды жолықтыру үшін оны танудың қажеті жоқ. Өзің жақсы болсаң жақсы сені өзі іздеп табады.

2-жүргізуші: Қыдыр ата, сіз біздің наурыз тойымызға бір жақсы тілек, бата беріңізші!

Қыдыр ата: Әлбетте, балам, мен өзі сол үшін келдім емес пе? Ендеше, жай қолыңды!

*Құтты болсын жыл басы — Әз-наурыз,
Әрқашан таусылмасын дәм-тұз!*

*Тілеймін елімізге бейбітшілік,
Көбейсін жерімізде мал төрт түлік!*

*Жаманшылық болмасын,
Ақ тілек сол болсын!*

*Береке-бірлік болсын,
Құдай соны қолдасын!*

Әумин!

1-жүргізуші: Рахмет, ата! Келгеніңіз қандай жақсы болды, енді біздің наурызға арнап дайындаған ойын-сауығымызды тамашалаңыз!

(Осы кезде жаршы шығып, айтыс басталатынын хабарлайды)

Жаршы:

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, құлак салып, халайық!

Ақындарды енді ортаға алайық.

Сөз өнерін пір тұтатын көрермен,

Дуылдатып қол соғып қарсы алайық!

(Ортаға айтыскер ақын қыз бен ұл шығады)

Қыдыр ата: Рахмет, өрендерім! Мен,

енді, жүруім керек. Әр ауылда, әр шаңырақта мені күтіп отырған адамдар көп. Айтқандай, әлгінде осы ауылға Алдар ағаларың беттеп келе жатқан сияқты еді, қазір келіп те қалар.

Ал, енді құрметті халқым,

Ұлысымыз оң болсын,

Ақ мол болсын!

Наурыз құт-береке әкелсін!

Аман болыңдар!

(Қыдыр ата қоштасып шығып кетеді, осы кезде сахна бұрышынан бір топ бала шығып)

Бір уыс құртты бөлісе алмай шуылдап жатады. Олардың үстіне Алдар көсе мен Қожанасыр келеді. Балалар Қожекеннен құртты тең бөліп беруін өтініп сұрайды)

Балалар: Қожа ата, мына құртты теңдей бөлісе алмай жатырмыз, бөліп беріңіздерші!

Қожанасыр: Жә, шуылдамандар! Бір амалын қылармыз. Айтыңдаршы, қалай бөлейін, құдай үлесімен бе, құл үлесімен бе?

Балалар: Құдай үлесімен бөліңіз, ата! (Сонда Қожекен балаларға құртты теңдей қылып бөлмей, біреуге аз, біреуге көп қылып, біреулеріне жеткізбей бөледі. Балалар бұған риза болмай, бұл қай бөлісіңіз деп сұрайды)

- Ата, ата, бұның қалай? Маған құрт мүлде жеткізбей бөлдің қой, бұның әділетсіз бөліс.

Қожанасыр: Ой, балаларым-ай! Мен сендерге әділетпен бөлемін деген жоқпын қой, құдай үлесімен бөл деген өздерің емес пе? Ендеше құдай үлесі деген осы болады, құдай біреуге аз, біреуге көп, енді біреулерге түк жоқ қылып бере береді. Ал, соны адамзат баласының теңдей қылып бөлуін құл үлесімен бөлуі дейді. Яғни, адам болған соң барларың-

ды тең бөлісу қолдарында. Түсіндіңдер ме?

Балалар: Иә, ата, енді түсіндік. Жүріңдер, балалар, онда өзіміз таласпай теңдей бөлісіп алайық.

(Балалар Қожекең мен Алдар ағаларына рахмет айтып, жөніне кетеді. Қожекең мен Алдар көпшілікке сәлем береді)

- Ассалаумағалейкум, жарандар! Ұлыс оң болсын!

- Армысың халқым! Наурыз құтты болсын!

1-жүргізуші:

Бәрекелді, қош келдіңдер, Алдар менен Қожеке!

Төрлетіндер, бүгін бізде мереке!

Наурыз тойын тамашалап көрейік,

Кезекті енді балаларға берейік!

2-жүргізуші: Ал, балалар, наурыз күні қандай рәсімдер орындалады, кім біледі?

1-оқушы:

Наурыз күні әр үйде тал егеді,

Атасы ұстап тұрса, бала егеді.

Еккен талың бәйтерек боп өссін деп,

Апасы ақ тілекпен су себеді.

2-оқушы:

Бұлақ көзін ашады азаматтар,

Табиғатқа бір мезгіл қарамақ бар.

Сол бұлақ суыменен сусындатып,

Әр күні-ақ еңбегінді адал ақтар.

3-оқушы:

Аналар қазан асар ерте тұрып,

Не деген тамаша бұл әдет-ғұрып.

Төс қағып амандасар әрбір адам,

Ренжіспеген бұл күні шырық бұзып.

4-оқушы:

Наурыз күнді ауыл боп қарсы алады,

Наурыз той деп жаршылар жар сала-

ды.

Көкпар тартып, ойын-сауық, думан құрып,

Наурыз көже ішісіп тарқасады.

2-жүргізуші: Өте жақсы айттыңдар, балалар! Ендеше, кезекті ойын-сауық отауына берейік!

К. ҚАСЫМЖАНОВ,

Лекеров атындағы негізгі мектептің оқушылар ұйымының тәлімгер-мұғалімі.

Асқаралы ауылы,

Жарма ауданы,

Абай облысы.



Кітап – ғасыр мұрасы

Шолпан Шаяхметқызы ДӨНЕНОВА,

Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп- гимназия-интернатының кітапхана меңгерушісі.

Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

(23 сәуір – Халықаралық кітап күніне кітапханашы мен өзін-өзі басқару ұйымы біріккен тәрбиелік іс-шара)

Мақсаты: Кітап арқылы оқушылардың ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту. Жас ұрпақ тәрбиесіндегі кітаптың алатын орны

ерекше, кітап жан айнасы екенін түсіндіру, кітап оқуға баулу.

«Қызық екен...» интеллектуальдық ойыны



арқылы кітап әлеміне саяхаттап, білім деңгейлерін байқау.

Ұйымдастырушы кітапхана меңгерушісі: Дөненова Шолпан Шаяхметқызы.

Қымбатты ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі кітап мерекесіне арналған «Кітап — ғасыр мұрасы» тақырыбындағы мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Кешіміздің құрметті қонақтарымен таныс болыңыздар:

- «Жігер» коворкинг орталығының меңгерушісі Рзағалиева Назгүл Айжанқызы;

- «Жігер» коворкинг орталығының балалар кітапханасының кітапханашы Шошаева Ақжүніс Зейноллақызы.

Аға тәлімгер сөзі: Кітап — рухани қазына, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы.

Балалар, бұл жол басы даналыққа,

Келіндер, бәрін байқап қаралық та ...

Даналық — өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріңдер іздеп тауып алалық та.

Кітап туралы көп толғануға болады. Бірде білім нәрімен кенелесің, бірде сонау сиқыршылар әлеміне сапар шегесің, бірде ұялтса, бірде мақтайды, бүкіл әлем сырын алдына жайып салады.

Кітапхана оқырмандарына кезек берейік:

Женисова Перизат: кітап бізге ортақ мүлік. Кітап шығару үшін қағаз керек. Қағаз ағаштан жасалады. Біздің елімізде ағаш өсі-

ретін, оны өңдейтін орман шаруашылықтары бар. Ағаш, орман халық қазынасы. Сондықтан қағазды үнемдеп тиімді пайдалануымыз керек. Кітапты күтіп ұстауымыз керек.

Қазіргі кезде Қазақстан баспаларынан жыл сайын миллиондаған таралыммен кітаптар басылып шығарылады.

Бейбіт Жанель: кі-



таптар әр түрлі баспаларда шығарылады. Алматыда кітап шығаратын фабрикалар бар. Цехта түрлі-түсті қағаздар кітап болып шығарылуға, лайықталып кесіледі. Мұнда кітаптың әр беті, сурет басылып жатса, екінші жағында түптеліп мұқабасы қапталып дайындалады. Қарап отырсаңдар осы жұмыстардың бәрі оңай емес. Мұқабаларынан су өтпейтін, жылтыр қағазбен қапталған әдемі безендірілген кітаптар бума-бума болып тие-ліп, Қазақстанның жер-жеріне жөнелтіледі.

- Міне, кітап осылайша дүниеге келген.

(Оқушылардың кітап туралы өздері жазған өлең жырлары тыңдалады)

Кітапхана меңгерушісі Дөненова Шолпан:

- Ой, бәрекелді! Балалар кітап туралы біраз өлең шығарған екенсіздер рахмет! Өз-

дерің кітап туралы жақсы біледі екенсіңдер. Міне, осылайша дүниеге келген, атына сай ішіндегі мәтіні де өзгеріп отырады. Кітап та сендермен бірге қуанып, сендермен бірге күледі, қиналады.

Перизат (Кітаптың екінші бетін ашады) Бүгінгі әңгімеміз кітап жайлы болғаннан кейін «КІТАП» деген сөздің қайдан шыққанын кім айтады.

Гульхан мен өзім жауап берейін бе? Шолпан жоқ балалар жауап берсін.

Д. Әмина: «Кітап» арабтың «Жазу» деген сөзінен шыққан Кітап рухани қазына байлық, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы.

сөздерін арнаған екен. Енді соны тындайық.

М.Саян: Книга — учитель, книга наставница, книга — друг.

Книга — близкий товарищ и друг,
Ум как ручей, высыхает и старится,
Если ты выпустишь книг из рук.
Бедным с читает такое жилище,
Где вся забота — на битьбы живут,
Где калорийная, вкусная пища.
Пищу духовную не признает.

Книга — советчик, книга разведчик,
Книга — активный борец и боец,
Книга — нетленная память и вечность,
Спутник планеты Земля наконец.

Оқушылар кітап туралы көрініс қойып



өз жүректерінен туындаған өлең жырларын оқығаннан кейін ауылдық кітапхана меңгерушісі Рзағалиева Назгүл Айжанқызы оқушыларды кітап мерекесімен құттықтады.

Абай гимназиясы оқушыла-

ры біздің тұрақты оқырмандарымыз. Үнемі бізбен байланыста деп ризашылығын білдіріп, аналық тілегін білдірді.

Кітапхана меңгерушісі Дөненова Шолпан «Қызық екен» интеллектуалдық ойынын өте қызықты етіп өткізіп, оқушыларға кітапқа байланысты мақал-мәтелдерден жалғасын тауып, шапшандықпен жауап бергізіп, білімдерін шыңдады.

Н. Аянат: Алғашқы кітап баспасы ағаштан жасалды. Ксилография қалыбы ХІ ғасырда пайда болды. 1045 жылы Шин өнерпазы Би Шен Құймалы әріптерді жасап шығарды. Русьте тұңғыш баспахана 1564 жылы, Мәскеуде басып шығарды.

- Балалар, міне, оқысандар қызыққа келесіңдер тауды бұзып, тасты жарасындар, бүкіл әлемге саяхат жасайсындар.

- Кітаптың ұлы қасиетін бағалап, алдында бас иіп, көптеген ақын жазушы ағаларың да

Кітаппен дос болуға баулитын,
Кітапханашы мұнда қызмет етеді.
Өмір мәні өнер менен білімде,
Құштар болсаң көп құмартып білуге.
Қарсы алып, дәйім әркез күлімдеп,
Жөнін айтып жол нұсқайды білімге, - деп аға тәлімгер Д. Жубатова кітапханашыларға тәрбиелік іс-шараға қатысушы қонақтарға рахмет айтты.

Оқушы – ұстаз – ата-ана үштік одақ ынтымақтастығы

Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту, өнегелі сөздер арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейту. Мектеп, оқушы, ата-ана үштік одақ қауымдастығын нығайту.

Өтетін орны: кітапхана.

Барысы: Кітапханаға әуеннің ырғағымен кіріп алдарында тұрған көрнекіліктердің өздеріне ұнағандарын алып орындарына жайғасады.

Қатысушылардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынасын арттыру мақсатында шаттық шеңберіне тұрып «Өрмекші торы» әдісі арқылы бір-біріне оралған жіпті лақтыра отырып, өз-өздерін таныстырып, бүгінгі күнге сәттілік тілейді.

- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, ата-аналар және оқушылар! Бүгінгі іс-шарамызға алтындай уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін сіздерге үлкен рақмет айтамыз, қош келдіңіздер! Бүгінгі іс-шарамызда қазақ халқының ұлттық құндылығын дәріптеу мақсатында кейінгі ұрпағымызға үлгі ете отырып, әке мен бала арасындағы тәрбие қатынастарына байланысты отбасылық тәлімгерлік тренингімізді бастаймыз. Ойларыңызды ашық айтып, белсенді қатысып отырыңыздар.

1. Кіріспе.

Әке – жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әкені сыйлау, құрмет-

теу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу кез келген баланың перзенттік борышы. Әкесіз бала – жетім. Әке – асқар шың, бақыттың алтын бағы. Әке – баланың тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы. Ол бала үшін барын аямайды, аялап тәрбиелейді, болашағына үнемі бағыт-бағдар беріп отырады. Халық ер адамды сыйлай білмесе тексіз деп атайды. Әке отбасының асыраушысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Бала мен әке ынтымағы болмаған жерде әке жылуы сезілмейді. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Әкенің берген тәрбиесін 100 мектеп те бер алмайды деп жатамыз. Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер, сондықтан да әкенің тәрбиесі дұрыс та, мейірімді болу керек.

Ұлттық тәрбие – кешегі өткен қариялардан, ғұлама, ойшылдар мен шешен-билерден, ақын-жыраулар мен сал-серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы. Ата тәлімін алу болашаққа нық сеніммен қарау десем, қате айтпаспын.

Атадан – өсиет,

Анадан – қасиет, - деп те бекер айтылмаған.

I кезең

«Адамға ең алдымен тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы»- деп Абу-Насыр Әл Фараби айтқандай қазіргі кезде көбіне бала тәрбиесімен аналар айналысады. Ал, отбасын асырап жүрген әкелеріміз балалармен қарым қатынасы қандай екен? Оны келесі кезеңнен білейік ...

«Халық тәлімі – тәрбие бастауы»

«Сіз балаңызды жақсы білесіз бе?»

(Сұрақ-жауап)

1. Балаңыздың туған күні?
2. Балаңыздың аяқ киім өлшемі?
3. Балаңыздың парталас көршісі?
4. Сынып жетекшісінің толық аты жөні?
5. Баланың сүйікті асы қандай?
6. Балаңызға қандай еркелететін сөз айтасыз?
7. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
9. Балаңыздың ең жақын досы?
10. Балаңыздың сүйікті пәні?
11. Балаңыздың дәптердегі жазуын табу (слайдтан)

2. Балаларға сұрақ:

1. Сен әкенді мақтан тұта аласың ба? Әлде ол жайлы ештеңе айта алмайсың ба?
2. Сабақтан келген соң қандай іспен шұғылданасың?
3. Сен өзіңнің бойындағы өнерді айта аласың ба?
4. Үлкендер әңгімелесіп отырғанда сен де әңгімеге кірісіп кетесің бе?
5. Ата-ананды қалай сыйлайсың?

6. Ата-ананың еңбегін қалай ақтайсың?

- Жарайсыздар, көп рахмет. Қараңыздаршы, қандай сүйіспеншілік, сыйластық. Бойларыңызда қаншама құндылықтар жатыр.

Әдетте құндылық деген сөзді естігенде ойыңызға не келеді? Құнды заттар, құнды ақпарат, басқа адамның құнды қасиеттері.

Ойланып көріңізші, сіздің қандай құндылықтарыңыз бар? Сіз өзіңізді ақылды, инабатты, тәрбиелі, парасатты, адамгершілігі, түсінігі мол және т.б. керемет қасиеттерге ие адаммын деп ойлауыңыз мүмкін. Бұның бәрі құнды қасиеттерге жатады.

Сонымен қатар, құндылық жайлы айта кететін болсам...



Әр нәрсенің өз құндылығын білгенмен, біз өз құндылықтарымызға назар аударма бермейміз — жан-дүниеміздің құндылықтарына.

Құндылық — сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізгілік, шешендік, сыпайылық, мәде-

ниеттілік, шығармашылдық, Ынтымақтық сынды қасиеттер жатады.

түрлері мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру.

Адам тұлғасының құрылымы мен жалпыадамзаттық құндылық

Қиянат жасамау - рухани деңгей
 Ақиқат -интелект деңгей (ажырату деңгей, ақыл)
 Сүйіспеншілік - адамгершілік деңгей (менталды, ой, сөзі)
 Тыныштық -эмоциялық деңгей (сезім)
 Дұрыс әрекет -физикалық деңгей



Құрметті ата аналар, осы ағаш сияқты құндылықтарға бай болып өсетін тұлғаны, балаларды сіз болып, біз болып, біріге отырып тәрбиелеп өсіруге тырысайық. Барлығымыз да рухани бай болайық.

«Ертегілер әлеміне саяхат»

Ата-аналар балаларымен өздері таңдаған көрнекі құралдармен, яғни таңдаған ойыншықтардың көмегімен шағын ертегі қояды.

«Визуалды айғақтар стратегиясы»

Мақсаты: әке мен бала арасында жағымды қарым-қатынас орнату; түсіністік деңгейін байқау; бірлесе жұмыстану дағдысын қалыптастыру;

Шарты: Берілген қима суреттерді жинақтап, шардың бетіне желімдеу. Кітаптардан немесе интернет желісінен сол сурет жайында ақпарат жинақтайды. (*Мысық, сиыр, жылқы, түйе*)

4-кезең: Білімсізден жаман жоқ

Мақсаты: қазақ халқының салт-дәс-

Туған соң адам боп
 Ел дәстүрін білмесең

Жұрт айтады надан деп, - «Ата салтым — асыл мұрам» кезеңін бастаймыз. Әр отбасының балалары келіп қоржыннан нөмерленген асықтарды алып әкелерімен бірлесіп сұраққа жауап береді. Сұрақтар салт-дәстүрге байланысты болады. Сонымен қатар ұлағатты ұлттық ұғымдар (яғни халықтың кие тұтқан сандарының құпиясын ашу)

1. Отау көтеру дәстүрлері: беташар, шаңырақ көтеру;
2. Тәрбие дәстүрлері: бесікке салу, алтыбақан;
3. Отбасы, тұрмыс дәстүрлері: дастарқанға бата беру,

Ұлағатты ұлттық ұғымдар.

(Бұл кезеңде халықтың кие тұтқан сандарының құпиясын ашамыз, әкелер мен балалар бірлесіп жауап бере алады)

1) 3 саны Үш жүз. Үш жұрт. Үш арсыз
Үш жүз — Ұлы, Орта, Кіші.

Үш жұрт — Өз жұрты (ағайын), Нағашы жұрты, Қайын жұрты.

Үш арсыз ұйқы, күлкі, тамақ.

4 саны Төрт тұлға. Төрт маусым. Төрт құбыла.

Төрт тұлға — От, су, жел, жер.

Төрт маусым — Көктем, жаз, қыс, күз.

Төрт құбыла — Шығыс, Оңтүстік, Батыс, Солтүстік.

5 саны Бес парыз. Бес асыл. Бес қатар. Бес қару.

Бес парыз — намаз оқу, ораза тұту, қайыр садақа беру, қажыға бару, иманды болу.

Бес асыл — талап, еңбек, ой, қанағат, сөз.

Бес қатар — от, жау, борыш, ауру, сөз.

Бес қару — садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта.

7 саны Жеті ата. Жеті жұт. Жеті күн. Жеті қазына.

Жеті ата-ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.

Жеті жұт — құрғақшылық, жұт (мал қырылу), өрт, оба (ауру), соғыс, топан су, зілзала (жер сілкіну)

Жеті күн — бүгін, ертең, бүрсүгіні, арғы күн, ауыр күн, соңғы күн, апта.

Жеті қазына — Ер жігіт, сұлу әйел, ақыл-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы.

Серігіп алайық: «Кім жылдам?» «Мақал сөздің мәйегі» бөлімі.

1) Ұяда ..., ұшқанда ... (Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің)

2) Ата — ..., бала — ...

(Ата — бәйтерек, бала жапырақ.)

3) Мектеп — ..., білім — ... (Мектеп — кеме, білім — теңіз)

«Оқуға құштар мектеп — оқуға құштар ұлт» жобасы аясында Менде оқимын, сенде оқы!

Оқы және суреттермен жинақтап әңгімеле (әр ата ана баласымен экранда берілген QR-код арқылы берілген мәтінді жүктеп алады, мәтінді оқып, мазмұнын берілген суреттермен жинақтап түсіндіреді.)

Мақсаты: кітап оқуға деген қызығушылығы мен оқу сауаттылығын арттыру

1. «Мейірім» әңгімесі;

2. «Екі дос»;

3. «Бақша ағаштары».

Соңы: Тамағымның тоқтығы, киімнің бүтіндігі, оқуымның сапасы, ұйқымыздың тыныштығы — осының бәрі де асқар таудай айбатты әкелердің арқасы. Ендеше бар баланың бақытына бір Алладан кейінгі панасы «Әкелер» аман болса екен дейміз. Осымен бүгінгі іс шарамызға баға беріп, кері байланыс жасап аяқтаймыз

Майгуль Рымбековна

ОМИРБАЕВА,

«Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі»

КММ бастауыш сынып мұғалімі.

Саягуль Туякқызы

БАЙЖУМАНОВА,

«Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі»

КММ кітапхана меңгерушісі.

Қарағанды қаласы.

Бақытты елдің балаларымыз!

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасы серіктес №44 «Тұлпар» балабақшасының ұйымдастыруымен 1 маусым — Балаларды қорғау күніне арналған «Бақытты елдің балаларымыз!» атты блиц ойыны (әр түрлі сұрақ-жауап ойындары) өткізілді.



Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл-күй сыйлап, мереке атауларымен таныстыру. Балаларды қорғау күні қалай аталып өтілетінін кішкентай оқырмандарға ақпарат беру. Мерекеге жақсы көңіл-күй керек екенін балаларға ұғындыру.

Шара барысында кітапхана қызметкері Ақмарал Сүлейменқызы балаларға «Алпамыс батыр», «Толағай», «Күн астындағы Күнекей қыз» қазақ ертегілерінің кейіпкерлерімен таныстырды. Әртүрлі қимыл ойындарын ойнатты, жасырылған жұмбақтардың шешімін балалар таласа жауап берді. Сонымен

бірге, мақал-мәтелдердің жалғасында, қолдарын көтеріп нақты жауаптарын тапты. Балалардың зерделері ашылып, ойын қыза түсіп, «Қара құлақ», «Ұшты- ұшты» ойындарымен жалғасты. Шараға белсенділік танытқан ересек «Шұғыла» тобы, тәрбиешісі Сағыныш Арыстанова Тойбазарқызы.

Қорытынды сөзінде әдіскер Жансұлу Әкімбаева Жаңабайқызы тәрбиеленушілердің тапқырлықтарына,



ойлау қабілеттерінің зор екендіктеріне қуанып, әр балаға кітап оқып, зейіндерін ашып шабыттандырған тәрбиешіге және ұйымдастырушыларға үлкен үлес қосқандарыңыз үшін деп алғысын білдірді. Шара соңында балаларға тәтті сыйлықтар таратылды, қатысушыларға осылай мерекелік көңіл сыйланды.

**Раушан Қартбайқызы
ЖУМАГУЛОВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы
қалалық балалар кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.**

«Оқитын өлке» жобасы



Кітап әлемі – сырлы, тылсым әрі тұңғыық әлем. Оны таныған, тереңіне бойлаған оқырманның жаны сұлу, жүрегі мейірімге толы, рухы асқақ болары сөзсіз. Кітапхана – ақпарат беретін, барлық адамға қолжетімді мәдени-ағарту орны. Өткен замандардың тұңғыық тереңінен сыр шертетін тарихын да, әдебиетін де, басқа ғылым кереметтерін кітапханадан табамыз. Жазушы Әбіш Кекілбаевтың сөзі осыған дәлел: «Мен кітапхананы ақыл-білім, адамгершілік ордасы деп білемін», - дегендей, біздің кітапханамызда жыл сайын түрлі шаралар өткізіліп тұрады. Биылғы жылы облыстық «Оқитын өлке» жобасы аясында жерлес жазушы Өтебай Қанахиннің

шығармаларын оқуға ұсынған болатын. Осыған орай кітапханамызда жазушы Өтебай Қанахинның «Адамгершіліктің биік көрінісі» атты Сазды орта мектебінің 8-9 сынып оқушыларына әдеби гид ұйымдастырылды. Мақсаты, жазушының шығармаларына оқушылардың қызығушылығын ояту, адамгершілік және эстетикалық талғамын қалыптастыруға тәрбиелеу. Шара барысында оқушылар жазушының әр жылдарда жазған шығармаларынан үзінді айтып өтті.

Айнұр Әбдіқызы ТАҒАН,
Сазды тұрғын үй алабындағы №10
кітапхананың кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.

Соңғы қоңырау

Бүлдіршін едік, қайдасың сол бір сары күз?

Алғашқы қоңырау, мөп-мөлдір еді жанымыз.

*Есейіп бүгін кеткенімізге таң қалам,
Арман көгіне ақ қанат қағып бәріміз.*

*Оқушы кезім оралып қайта келмейді,
Мектеп туралы жанымды ән-жыр тербейді.*

Соғылған кезде жыл сайын соңғы қоңырау,

Қимастық сезім көңілге маза бермейді.

Қанаттандырып біздерді білім нәрімен,

Жақсы көретін шәкірт біткенді бәрінен.

Ұстаздар қайда, ата-анамдай боп жүретін?!

Мектебім қайда, сағынып жүрмін әлі мен?!

Тауыса алман мектепті күн мен түн жырлап,

Партада өткен күндерім қалды тым жырақ.

*Мектеп маңынан естісем күміс күлкіні,
Күміс қоңырау тұрғандай болады сыңғырлап.*

Орны биік ұстаздың

*Орны бөлек ұстаздың бұл өмірде,
Жетелеген шәкіртін гүл өңірге.
Еңбегі мен есімі ешқашан да,
Ұмытылмай тұрады жүрегімде.*

*Орны биік ұстаздың бұл өмірде,
Тілекшім де ұстазым, тірегім де.
Егер жарық бермесе білімменен.
Қалар ем сауатсыздық түнегінде.*

*Баға жетпес ұстазға бұл жалғанда,
Бағыттайтын шәкіртін нұрлы арманға.*

*Үйретуден, демеуден жалықпайды,
Үйренуге талпынып тұрған жанға.*

*Дүниені біліммен өрнектеген,
Өлшеусіз ғой ұстаздық еңбек деген.*

*Білетінім әйтеуір білім үшін,
Мұғалімдер кемде-кем тер төкпеген.
Түсінбестер оқуды «ермек» деген,
Тәрбиесіз, білімсіз төрге өтпеген.
Кездеспесем егер де жақсы ұстазға,
Сыймас едім білімсіз жер-көкке мен.*

*Ұстаз менің екінші ата-анамдай,
Ұрысса да тұрушы едім қапаланбай.
Мектебімнен қайтушы ем ұстазымнан,
Бағасымен қоса бір бата алғандай,
Сол бағамен, батамен өрлеп келем,
Сөз естимін бұл күнде «Төрлет!» деген.
Алғыс айтып өтемін ұстазыма,
Тәрбие мен білімге шөлдетпеген.*

Бақытжан ӘЛІҚҰЛОВ,
ақын.
Тараз қаласы.

Ана тілім – тірлігім, күн көрерім

Ана тілім — тірлігім, күн
көрерім,
Бар асылым, бір ғылым тіл
дегенің

Кең даламдай дархан дария, көл
көсір,
Көп қой сенде інжу-маржан
тереңім.

Сәбилерге берсін көңіл қалауын,
Түсірмейік тіл мен ділдің
жалауын.

Балдай тәтті аппақ ана тіліммен,
Отын жақтым ақындықтың
алауын.

Құдіретті тілім қымбат арымнан,
Қымбат тілім, қымбат тағы
бағымнан.

Абай, Сәкен, Мұхтар, Ахмет,
Мағжандар,
Ана тілдің тұғырымен
танылған.

Тоқбай Исабековке арнау

Соққан дауыл, тарғын кеуде дария,
Қазақта да қыран көздер бар, иә?
Өрге салса өршеленер өр тұяқ,
Жыршы да сол, ақын да сол жария.

Аттағалы ақындықтың есігін,
Танытпады бойда барда кеш ілім.
Жықтырмады ақындықтың туын да,
Асқарларға тікті асқақ есімін.

Естілгендей Ұлытаудан жеңіс үн,
Еңбегіңді аямадың ел үшін.
«75 жыл» ұлы мерей тойыңды,
Еске алады Жетісуда елің шын.

Қамалдарды бұзып өтіп алдағы,
Сұңқардайын тек биікке самғадың.
Таңдайымда өлеңіңнің бал дәмі,
Ақындықтың енді болмас арманы.

Ақбөпе ИЛИЯСОВА,
А.В. Луначарский атындағы
орта мектеп-гимназияның
9-сынып оқушысы.
Жетекшісі: қазақ тілі мен
әдебиет пәнінің мұғалімі
Маржан Жұмабайқызы
БЕРДІҒҰЛОВА.
Панфилов ауданы,
Алматы облысы.



Амирхан ХАЙДАРОВ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
10 «ә» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Кеңсайға сапар немесе орындалған тағы бір арман

Ұлт сүйер адамға Алматыда бола тұрып, Кеңсайға соқпай кету сын. Сол себепті, бабалар сүйегі жатқан жерге баруды жөн көрдім. Қазаққа қанын, жасын, терін төккендер бар екен ол мекенде. Әлбетте, бәрін көрмегенмен, шама келгенше 3-4 тұлғамызға соғу бұйырыпты.

Алдымен кездескеніміз, қазақтың мұзбалақ та ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың зираты. Атамыздың қабіріне Құран аяттарының нұрын жіберіп, құрмет етіп кеттік.

Келесі, шоқтығы биік Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев атамыздың зираты. Димаш атаға Құран бағыштадық, елге еткен еңбегінің алдына тағзым қылдық. Ол кісінің көзі тірісінде істеген жұмысы мен тұлғалық қасиеттері қазақ аттының баршасына мәлім.

Одан соң, қаламынан бал тамған жазушымыз Ғабит Мүсіреповті зиярат еттік. Әдебиетпен танысқысы келген адамға оқу парыз болған «Ұлпан» шығармасының авторы жөнінде көп сөйлеп керек емес шығар...

Ендігі айтарым, үлкен сөз арнарым, өзімнің үлгі тұтар «қазақ тарихындағы сүйіктім», қазақтың қаламынан да, қылышынан да қан тамған батыры – Бауыржан Момышұлы атам. Менің жанымдағылар Бәуке атаға деген махаббатымды біледі. Үлкендер оған деген айрықша құрметім мен зейінімді бағалап та өтті. Бауыржан Момышұлы бабамды зерттегеніме 2 жылдай болыпты, соның өзінде Момыштың ұлымен және оның өмірінің қыр-сырымен таныстым. Енді міне, армандарымның тағы бірі орындалып, Бауыржан атаммен «амандасып» кету де бұйырды. Құран бағыштап, қасиетті бейітінің қасында біраз уақыт тұрдым. Біз сізді қадір тұтамыз, құрметтейміз және есімізде мәңгі сақтаймыз, дана да дара, Бауыржан ата!

Кітап пен архив беттерінен оқып-танысқан адамдардың шын сүйектерімен кездесу бөлек сезім екен. Көп сөздің керегі жоқ. Жандарыңыз Жәннатта болсын, ата-бабаларым!

Гүлназ ОРЫНБАЕВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.



«Абай» гимназиясы – мен үшін мақпаныш

Мектеп – бұл бала балалығын жиып алғаш өмірге қадам басқан шағы. Өз жылы ұясынан жаңа ортаға келіп, балғын балалығын жалғастырған сәті.

Мектеп «тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын ыстық ұясы» Білім нәрімен сусындап тәрбие алатын ортасы. Дәлірек айтқанда, мен осы гимназияға алғаш рет 2022 жылдың қыркүйек айында келдім.

Осы гимназияға түскенім мен үшін үлкен мақтаныш. Сыныптастарым мен ұстаздармен көптеген тәрбиелік іс-шараларға белсене қатыстық. Әрине жаңа ортаға үйренуде ішімде неше түрлі қобалжу, әр түрлі уайымдар болғанын жасырмаймын. Жатақхана да өз үйімдей болып, достар таптым.

Міне, ғажап, ал қазірде 9 ай аздаған уақыт ішінде әр түрлі шараларға қатысып, мәдени іс-шараларға қызығушылығым артты. Есімде қалған қуанышты сәт, өзін-өзі басқару ұйымы өткізген «Таныстыру кеші» және Отбасы күнінде ата-аналар мен сынып жетекші, тәлімгер психолог апайлар өткізген менің сүйікті іс-шарам. Ең алғаш іс-шараға қатысып үйреніскен кезім де осы сәт.

Ата-анама мың алғыс мен үшін барлық жағдайды жасайды. Ал менің міндетім үздік оқып еңбектерін өтеуім маңызды. Абай гимназиясы мен үшін мақтаныш. Осында білімімді жалғастырып үздік оқимын деген сенімдемін.



Мадина САБИЛИЕВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының 7 «а» сынып оқушысы «Жас Қаламгер»
үйірмесінің мүшесі.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Менің гимназиядан алған әсерім

Мен «Абай» гимназиясына алғаш келгенде, жатақхананы таба алмай жүрген кезім есімде. Қазіргі бірінші корпусы қыздар интернаты деп ойлап, сонда заттарыммен бірге кірген кезім еді. Бірақ, бізге кіші қызметкерлер дұрыс жолын көрсетіп, жатақханаға жеткізді. Оның алыс екенін кім білген: жатақханаға барып жайғасып, жайлап қыздармен танысып, кітапханадан кітаптарымды алдым. Одан кейін 1 қыркүйекке дайындық өтіп, бұл күннің де аяғы таяды.

Шынымды айтсам, басында мен жатақханаға үйренісе алмай, бұрынғы мектебіме кеткім келіп жүрді. Оның қасына, көп ауырып, сабақтан қалып қойған кездерімде болды.

Бірақ, бір мезетте үйренісіп кеткендей болдым. Менің үйге қайтқым келмеді. Бір күні ауылға апаратын такси келіп тұрғанда, мен жатақханаға бауыр басқаным соншалық, бармаймын деп, анамды ренжітіп алғаным да есімде. Сол уақытта, қалай ашуға берілгенімді білмеймін, кеш бойы анамнан кешірім сұрап шықтым.

Мектептің өзінде де пән жөнінен өз проблемаларым болған еді. Ол былай болды: Ең бірінші өткен ағылшын тіл және биология сабағы болатын. Апай тақырыпты оқуға беріп, кейін сабақ сұраймын деген. Бірақ бірінші мені шығарғанда абдырап айтатын сөзімді ұмытып қалдым, неге екенін білмеймін, басымнан барлығы ұшып кетті. Не дерімді білмей, тұрып қалдым, сұрақтарына да жауап бере алмадым. Сол күні мен өмірімде алғаш рет «4» деген бағамды алдым. Сол күні қалай жылағанымды білсеңіз ғой? Менің жаныма жақындап, үнемі жылы сөздерін аямаған педагог-психолог Дария Жубатова мен әлеуметтік педагог Дилара Бектемирқызын да ұмытпаймын.

Көңілім болмай, басым ауырып жүргенде, тәрбиеші Айнур Курмановна тез байқап көріп, мені жұбатты, жақсы әсер берді. Бір бөлмеде бірге тұратын қыздарым көңілімді көтеруге тырысты, келесі кезде көтерілесің деп жұбатты. Сол үшін оларға алғысым шексіз. Бірақ ақыр соңында сол баға үшін екінші жарты жылдықта 4-ке шықтым. Бір оқу жылы аяғында бәрі ойдағыдай болып үздік нәтижеге жеттім.

Енді міне, оқу жылының аяғында өз тебіренісімді эссеге жазып отырмын. Мен осындай мектепке, осындай сыныппен оқығанымға қуаныштымын және осындай тағдыр менің басымнан өткеніне алғысым шексіз. Анашым, мен сізді жақсы көремін. Өмірде отбасым аман, тыныштық заман болсын!



Мадина МАКСИМ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Мен үшін гимназияның орны бөлек

Күні кеше ғана сыныптастарымды алғаш көріп, мектептің табалдырығын аттаған кезім еді. Қандай қызық бір жұмадан кейін осы оқу жылын жақсы көңіл күймен аяқтаймын. Енді сыныптастарымды, гимназиямды және осы 9 ай ішінде бізге тәлім-тәрбие беріп, бар білгенін үйретуге жалықпаған жүзі жайдарлы, мінезі ашық сынып жетекшім Исағалиева Айнур Ерназарқызын қимаймын. Сыныбымда қаншама жүзіме күлкі ұялатқан, жаныма жағымды, естен кетпес естеліктер көп болды.

Алғаш танысуымыз, бірінші қыркүйек күні сынып ішінде қандай видеоролик түсіретінімізді ақылдасқан кез жүрекке жылы сәттер.

Көп уақыт өтпей бір-бірімізге бауыр басып, ойымызды ашық жеткізетін, ұжымдық жұмыстарды бірге атқаратын кезге де жеттік. Сыныптастарым мен уақыт өткізу ең жақсы кездер. Айнур Ерназарқызы, сізге алғысым шексіз! Біз үшін алтыннан да қымбат уақытыңызды бізге көп жұмсадыңыз.

Осымен жыл аяқталар, бірақ алдағы 4 жыл естеліктер орынын толтырамыз, үздік сынып боламыз!



Бекарыс БЕКЕН,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Алтын ұям – гимназиядан алған әсерім

Мен гимназияға 2022-2023 оқу жылында келдім. Оқығаныма бір жылдай уақыт болып қалды. Расымен де, уақыт көзді ашып жұмғанша өте шықты. Осы уақыттың ішінде көптеген адамдармен танысып, жаныма жақын достар таптым. Гимназияда маған ең қатты ұнаған жан – біздің сынып жетекшіміз Айнур Ерназаровна. Айнур апай бізге әрдайым қамқоршы болып, өз мейірімін төгіп жүрген жанның бірі. Сынып жетекшім болғасын ба, әлде басқа себептер ме, әйтеуір апайыма қатты бауыр басып қалдым. Мен үшін қымбатты жан.

Ал гимназияда оқып жүрген жылға жетпейтін 9 ай ішінде қызықты тәрбиелік мәдени іс-шаралар көптеп өтті. Соның ішінде оқу жылының басында өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті Жас Ұландар ұйымдастырған «Таныстыру» кеші, БИЛ мектебіне жарысқа барған кезіміз мен үшін ұмытылмас қызықты шаралардың бірі.

Мен гимназияда оқып жүргеніме өкінбеймін, себебі Абай гимназиясы екінші алтын ұям ретінде қалыптасты. Бізге білім берген ұстаздарға мың алғыс!



Зарина НҰРМАҒАМБЕТ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Гимназия мен үшін ыстық ұя

Мен, гимназияға келгенде қатты толқып уайымдап, өзімнің жаңа сыныбыма үйренісе алмаймын деп ойлады. «Абай» гимназиясына түскенде қуанышты сезімде болдым. Ең алғаш, өз сыныбыммен танысуға себепші болған психолог Дария апайдың алғаш өткізген іс-шарасында сыныптастарымды тани алдым. Есте қаларлық қуанышты сәт – өз өнерімді ашуға көмек берген өзін-өзі басқару ұйымы ұйымдастырған таныстыру кеші.

Өзімнің ашылмаған қырларымды осы кеште мұғалімдер мен оқушылар арасында көрсете білдім. Сыныппен хорға қатысқан сәттер өте қызық, сыныбыммен бірігіп «Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» ұранын үнемі есте сақтадым.

Осы сыныпқа ашылмаған сырларымды көрсетіп, өз қолымнан барлығы келетіндігін, қиындықты өзің емес, сыныппен шешу керектігін үйрендім.

Гимназия мұғалімдері мен тәрбиеші апайлардың маған берген мотивациялары өзіме үлкен әсерін беріп, өзіме қиын кезде түсініп көңіл-күйімнің көтерілуіне себепкер болды. Сыныптастарыма жазғы демалыстарын ата-аналарымен көңілді өткізіп, жаңа күш-жігермен келіңіздер демекпін.



Ералы АЙТКУЛОВ,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы
мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының 8 «б» сынып
оқушысы, «Жас қаламгер»
үйірмесінің мүшесі.
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап – менің жан досым

«Кітап – білім бұлағы», - демекші, кітап білімнің, ілімнің атасы. Кітап болмаса біз білімді болмас едік. Әлемді, аспанды, жерді танымас едік. Осы асыл қазынамыз, құндылығымыздың арқасында әлемді танып, біліп жатырмыз. Өз ата-бабамызды, салт-дәстүрімізді, білдік. Адам ізденіп көп кітап оқыса ғана сонда адамгершілігін, сөз байлығын, көзі ашық адам екенін байқауға болады. Ол асылдың ішінде кім жүрмейді, кім сөйлемейді. Бүкіл ата-бабамыз сыр шертеді бізге, тура жолды көрсетеді.

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген. Жасынан білім алуға құмар Әл-Фараби, Абай, Шоқан шыққан елдің ұрпағы – қазақтар! Намысты, білімді ұрпақ! Сондықтан, біз – кітап құнын білетін, ізденетін ұрпақпыз!

«Оқу инемен құдық қазғандай», - деп халық даналығы айтқандай, білім тез және оңай келмейді. Кітап оқу, оны ойша саралап, көкірекке тоқу керек. Біз сонда ғана Күлтегіннен бастап тарихымызды зерделей алар едік, Әлиханша халық қамын ойлап, Шоқандай сұңғыла, Абайдай дана, Мұстафадай өткір болар едік. Олар да бір кезде біздей бала болғаны анық. Отырар кітапханасынан білім алып, Бағдатқа дейін білім іздеген Әл-Фараби де, небәрі 3 жыл 3 ай білім алған Абай да өз еңбекқорлығымен менің замандастарыма үлгі болары анық.

«Ел ертеңі – жастар» біз боламыз. «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстырар заман» демекші, өз үлесімізді қосу үшін кітаппен дос болып, еңбектенуді тоқтатпауымыз керек. Кітап – менің сырлы әлемге жеткізер жан досым. Сондықтан өз достарымды кітапты оқудан қол үзбеуге шақырамын.



Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді. Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Индекс 75489

**Қиын
алыңыз да,
жазылыңыз!**

		Басылым индексі АБОНЕМЕНТ																																	
«Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері»		75489																																	
Комплекті саны																																			
2023 жылға, айлары																																			
<table><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>кайда</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>																				кайда															
кайда																																			
		(почта индексі)		(мекен-жайы)																															
кімге		(аты, жөні)																																	
ПВ		орны		Тасымалдау карточкасы 75489 Басылым индексі																															
Бағасы		Жазылу мекен- жайын өзгерту		...тенге ...тиын		комплекті саны																													
				2023 жылға, айлары																															
<table><tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>10</td><td>11</td><td>12</td></tr><tr><td>кайда</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	кайда																					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12																								
кайда																																			
кайда				(почта индексі)		(мекен-жайы)																													
кімге				(аты, жөні)																															

